

## СӘКЕН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕСІ

**Базарбаева М. А.**

«Жұмабек Тәшенов атындағы ЖББМ» КММ  
қазақ әдебиеті және қазақ тілі пәнінің мұғалімі  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында мемлекеттің алдында тұрған келелі мәселе бұл тіл мәселесі болды. Сәкеннің ықпалымен 1923 жылы 22 қарашада қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беріліп, 1924 жылдың 1 шілдесінен былай қарай бүкіл Қазақстан көлемінде болыстық, уездік, губерниялық және республикалық деңгейдегі мекемелерде кеңсе ісі қазақ тілінде жүргізілетін болды. Декрет солай деді. Дегенмен бұл мәселе шешуі оңай болмады. Декрет алынды, заң қолда, енді не керек, республиканың басым бөлігін құраған қазақ халқына. Жалпы қазақ халқы өзінің азат, тәуелсіз екенін түсінбепті. Біреудің нұсқауымен жүретінін тағы да көрсетті.

Сәкен өзінің ең шешуші сөзін айтуға міндеттімін деп есептеді. «Қазақстанда әрбір мекемеде қызмет қылып жүрген адамдар һәм қызметтен тыс адамдар патша замандарынан бері жұмылған ауызда буылып қалған қазақ тілі кеңес мекемесіне кіруі хақ. Жалпы жігер, жалпы ынта керек. Коммунист партиясы һәм Кеңес өкіметі азаматтары осыған шақырып отыр» деп, жалпы жайды түсіндіре келіп, өзі күнде көріп, сезіп, біліп жүрген жай есіне түскендей қайтадан шамырқанды. «Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы батыл кірісуге «біреу ұлтшыл деп айтады» деп бой тартады.

Ахмет Байтұрсыновтың көкейінде болғанымен, мәселені 1923 жылдың сәуірінде Халық Комиссарлары Советі кеңесінде бастап, 9 маусымда «Кеңес істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деп жиын-жиналыста сөйлеп, сегіз сұхбат, мақала, ашық хат жазған, 1923 жылы 22 қарашада декрет қабылдату үшін қаншама күш-жігер жұмсап, әрекет-қимыл жасаған – Сәкен болды. Ахметті жақтаушылар болды, бірақ іштей ғана. Мемлекеттік дәрежеде көтеру ел алдында үлкен сын болды. Себебі Ресей империясының XIX ғасырдың ортасынан бастап жүргізе бастап орыстандыру саясаты біршама қазақ жастарының арасында басым болды. Сондықтан кеңселерде кеңсе қағаздарын орыс тілінде жүргізуді бір мансап көргендері де баршылық болды. Соңғы отыз-қырық жыл ішінде Ресей империясының тілмаштық мектебінің түлектері осы тілде жазғанды марапат көруі де сондықтан болса керек.

Ұлт болам десеңіз, Ахмет Байтұрсынов ойымен айтқанда, ең соңғы қамал – ана тіліне ие бол, ана тілінде сөйле, ана тілінде түсін, түсіндір. Бөтен тілдердің жәрдемінен безінбе, өйтпесең жаһандану заманында тіске жұмсақ, кім көрінгенге еліктегіш қазақтың бүктеліп, жұтылып кетуі – оңайдың оңайы.

Тіл мәселесі қолданысы мемлекеттік жиындарда көтеріліп, біршама талқыға да түсті. Мемлекеттік деңгейде өткізілетін шаралар қай тілде өтуі қажет деген де сауал болды. Соның бірі. 1923 жылы 23 қаңтардағы №51 хаттамасында Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығы туралы Қырғыз оқу комиссариатының қаулысын той мезіретіне 5 күн қалғанда жоққа шығарған қаулы алды.

а) считать недопустимым организацию советскими органами данного юбилея;  
б) против проведения праздника частными лицами не возражать;  
в) возложить персональную ответственность за содержание речей выступающих на празднества товарищей от имени советских органов на товарищи Сейфуллина».

Бұл осы шараны қай тілде өтуі қажет деген туындады. Осы шара 1923 жылы 28 қаңтарда Орынбордың ең үлкен залы – Я.Свердлов атындағы клубта «Алаш» қозғалысының атақты идеологы, қазақ филологиясының атасы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығы аталып

өтті. Сәкен Ахаңа деген құрметін, шын ниетін таныту үшін барды. Ресмисіз-ақ өтейін деп жатқан мереке-тойды өзі басқарып, сөз сөйледі. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Әуелі ол школда қазақ балаларын оқытты. «Қазақ» газетін шығарды. Қазақ мектептеріне арнап «Оқу һәм тіл құралдарын» жазып шығарды. Міне, қазақ еліне деген қызмет. Сәкен Аханды осы еңбектері үшін ерекше құрмет тұтты. Қазақ тілінің қос жанашыры қос тұлғасы. Бірі қазақ тілінің негізін қалаушы, екінші мемлекеттік дәрежеде қолданысын жүзеге асырушы.

*Сәкеннің «Ашық хат» мақаласында қазақ тілінің жағдайын мейлінше жеткізіп жазды:*

*«Қазақстанның мекемелерінде қазақ тілін жүргізуге екпіндеп кірісіп жатырмыз. Бірақ бұл істі көңілдегідей қылып, тез бітіріп тастауға болмайды. «Қазақ тілін жүргізу керек...» деп, құр бұйрық жазып қана қоюмен іс бітпейді. Бұл істі жүргізу жолында көп бөгет бар.*

*Кей қызметтегі адамдар сыртынан: «Ия, әбден қазақ тілін кіргізу керек...» - десе де, бұл іске шындап күш жұмсамайды.*

*Кей қызметтегі адам «қазақ тілін жүргізуге не қылып жатырсың?» - десең, «ақша керек, ақша...» - дейді. Ал кейбір қызметтегі адамға: «қазақ тілін неге кіргізбейсің?» - десең:*

*- Қазақша әм орысша жазуды жақсы білетін кісі болса екен, сонда қазақ тілін кіргізер едік.*

*- Мен қазақ тілін кіргізуге құмар-ақпын, бірақ іс білетін қазақ жоқ, бір іс білетін қазақ тауып берсеңші... -дейді. Қысқасы, сылтаудың саны жоқ. Сөйлесе кетсең, қызмет басқарып отырған адамдардың, мекемені билеп отырған адамдардың ешбірі қазақ тілін мекемеге кіргізбеймін дейтіні жоқ.*

*Бірақ бір азғантай жерлерде ғана болмаса, қазақ тілі әлі де қазақтың өз аузында. Кей жерлерде қазақ тілін кеңсеге кіргізбек түгіл, қазақ азаматы аузын ашатын емес».*

1924 жылы 6 наурызда Ә.Жангелдин, Н.Нұрмақов, Ж.Сәдуақасов, С.Сейфуллин сынды азаматтар тізе қосады.

Совнарком төрағасы болғаннан кейін-ақ істі қазақ тілінде жүргізу мәселесінкөтерген Сәкен 1923 жылдан бастап тіл мүддесін қорғайтын мақалаларын жариялайды. Олар: «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» 09.06.1923 жыл, «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» 25.06.1923 жыл, «Не қылдыңдар?» 15.08.1923 жыл, «Қазақстанның Орталық Кеңес Комитетінің 3-жалпы жиылысының қорытындысы» 11.09.1923 жыл, «Қазақстанның заң комиссариатына теңеліндер» (Қазақстанның мекемелерінде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу хақында) 19.09.1923 жыл, «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу» 22.12.1923 жыл, «Ашық хат» (Қазақ тілін мекемелерде жүргізу туралы) 17.03.1929 жыл т.б

Сәкеннің аянбай еңбек жасауы арқасында арқасында 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық Атқару Комитеті декрет қабылдаған. Сол бойынша кеңсе істері 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап қазақ тілінде жүргізілетін болған.

Сәкен «Қазақты –қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақалада: Бүгінге шейін қазақты орыстар "киргиз" деп келді. Не себепті қазақты орыс "киргиз" деп кеткенін тексермей-ақ, ол "киргиз" деген аттың жалпы қазаққа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл қатенің түзетілуі керек екенін жұртқа айтқым келеді.

Орыстың патшасы қазақты қаратып алып, жалпы қазаққа "киргиз" ат жапсырған соң, қазақ халқын оңай қаратып алған орыс патшасы-төрелері, жасауылдары қазақты бір түрлі мүгедек, мақау жануар деп санап "киргиз" дегенде бір түрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен қарайтын болды.

... Біз "киргиз" деген аты жоғалтып, өзімізді "қазақ" деп атасак басқалар да бізді «қазақ» деп, осы атты қолданып кетсек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз - осы күнгі басқа жақтан бұрын өзімізді өзіміз "киргиз" дейміз. Әуелі біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша«Красный Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді.

Сәкен қазақ тілін кең түрде қолдануын «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу» атты мақаласында Қазақстанда кеңселерде қазақ тілін жүргізу керек екені 12-партия жиналысынан кейін тынбай айтылып келе жатқан сөз. Жалпы Россияның Коммунист партиясының 12-ші жиылысында ұлт мәселесі туралы қаулысының шығып жарияланғанына едәуір уақыт өтті, бірақ бұл қаулының іске асуы, ғамалға қойылуы зор қиындықпен болып жатыр. Оған себептер көп. Әрине, себептің ең зоры: осы күнгі өз алдына автономиялы үкіметті ел болып отырған Россиядағы уақ ұлттардың оқыған адамдарының аздығы. Кеңсе істерін жүргізе білетін адамдарының жоқтығы. Бар болса, аздығы. Сол оқыған адамдары аз, кеңсе істерін жүргізе білетін адамдары аз республиканың бірі- біздің Қазақстан[1]. Онан соң, Қазақстанның кеңселерінде қазақ тілін жүргізу ретінде үлкен бір бөгет мынау: біздің болыстық мекемелерімізде қызмет қылып жүрген қазақтардың, сол мекемелердің басында жүрген қазақтардың бірсыпырасы қазақша, жазғаннан, қазақша оқығаннан, қазақша сөйлегеннен орысшаны жақсы көреді, орысшаны оңай көреді. Кейбіреулері тіпті қазақша жазу оқуды білмейді. Ал кейбір аз білгендері қазақша жазбай жүріп аз білгеннен айырылып қалады.

... Ендігі, күллі Қазақстанда іс басында жүрген, 12-ші партия жиылысының қаулысы іске ассын деген азаматтардың міндеті:

1/ Өзі совет қызметінде Қазақстанда жүріп қазақша сөйлеуді, қазақша жазуды менсінбейтіндерді үйрету.

2/ Һәм жұрт қатар ақы алып қызмет қылудан қашып жүрген сұмырайларды қай ретпен болса да, іске жегу.

3/ Хат біліп кеңсе ісін білмейтіндерді тез үйретіп қызметке салу. Міне, Совет Һәм партия қызметінде жүрген, 12-ші жалпы партия жиылысының қаулысы іске ассын дейтін азаматтар осы іске жалпы жұмыла кіріссе, бұл мәселенің шешілуі оңайланады.

Сәкен - қазақ маңдайына біткен біртуар дара тұлғалардың бірі. Ол өз ұлтын қалтқысыз сүйіп, халқына айрықша еңбек сіңірді[2].

«XX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдің бодауында болған қазақ елі үшін өте ауыр кезең болды, осы уақытта халық арасынан елдің қамын жеген көптеген қайраткерлер шықты. Олардың арманы, мақсат-мүддесі елдің тәуелсіздігімен, халықтың жарқын болашағы болғанымен осы жолға жетудегі таңдаған бағыттары әр түрлі болды. Бір жағында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған Алашордалықтар тұрса, екінші жағында Кеңестер одағына қызмет еткен Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов сияқты қайраткерлер тұрды. Әрине өмір болғаннан кейін олардың арасында әртүрлі келіспеушіліктер болды, пікір қайшылықтары болды, тіпті пендешіліктің де болуы мүмкін. Сондықтан оларға қазір кінә тағуға біздің ешқандай моральдық құқымыз жоқ. Еліміздің тәуелсіздігі жолында бастарын бәйгеге тігіп, сол жолда елдің азаттығы үшін адам төзгісіз азап шеккен асыл, айбоз азаматтарымыздың барлығы да «Қызыл террордың» құрбандарына айналып, шаһит болды!

#### Әдебиет тізімі:

1. С.Сейфуллин // "Еңбекші қазақ". 09,25, 28. 06; 03,15. 08; 19. 09; 22. 12, 1923.
2. С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. ( Билер дәуірінің әдебиеті, 1 кітап). – Алматы, 1932. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Кенжебаева Б. – Әдебиет майданы, 1933, №69, 67-74 б.